

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ



Қауіпті!

Мұндай ескертулерді елемей электр тогына түсу салдарынан өмірге қауіп төндіретін жарақатқа себеп болуы мүмкін.

- Бұл құрылғыны бекітілген қабырға розеткасының дәл қасына қоймау керек.
- Бұл құрылғыны душтың, ваннаның, раковинаның, бассейннің және т.б. жанында пайдаланбаңыз.
- Егер қуат кабелі зақымданса, барлық қауіп-қатерлерді жою үшін оны өнім жасаушысы немесе техникалық қызмет орталығы ауыстыруы керек.
- Құрылғыны басқару элементтері ваннаны немесе душты пайдаланып жатқандарға қол жетімді емес болатындай орнату керек.



Маңызды!

Мұндай ескертуді елемей жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға, қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады.

Балалардың осы құрылғымен ойнамауын қадағалаңыз. Тазалауды және пайдаланушы техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек.

- 3 жасқа толмаған балаларды үздіксіз бақылау болмаған кезде осы құрылғыдан аулақ ұстаңыз.
- 3 және 8 жас аралығындағы балалар құрылғыны тек қалыпты жұмыс істейтін орынға орналастырғанда немесе орнатқанда және олар бақылауда болғанда немесе құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және қауіп-қатер болуы мүмкін екенін түсінгенде ғана іске қосуы/ажыратуы керек.

3 және 8 жас аралығындағы балалар құрылғыны розеткаға қоспауы, оны реттемеуі және тазаламауы немесе техникалық күтім көрсетпеуі керек.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: осы құрылғының бөліктері өте ыстық болуы және күйіп қалуға себеп болуы мүмкін. Балалар немесе әлсіз адамдар бар жерде ерекше назар аударыңыз.

- **МАҢЫЗДЫ:** қауіпсіздік жүйесін байқамай қайта орнатудан туындайтын кез келген қауіп-қатердің алдын

алу үшін, бұл құрылғыны таймер сияқты сыртқы таймермен іске қосу керек немесе қуат бергіш қосып-ажыратып тұратын желіге жалғанған болуы керек.



Күйіп қалу қаупі бар!

Мұндай ескертуді елемеу күйіп қалуға әкеп соқтырады.

- **МАҢЫЗДЫ:** Қызып кетудің алдын алу үшін ешбір жағдайда құрылғыларды пайдалану кезінде оның бетін бүркемеңіз, себебі бұл қауіпті қызып кетуге себеп болуы мүмкін.



Ескертпе:

Бұл таңба пайдаланушыға арналған ұсыныстарды және маңызды ақпаратты білдіреді.

- Құрылғыны әрқашан тік бағытында пайдаланыңыз.
- Ұзартқыш сымдарды пайдалану ұсынылмайды. Дегенмен, оларды пайдаланудан бас тарту мүмкін болмаса, ұзарту сымымен берілген нұсқауларды мұқият орындаңыз және ұзартқышта белгіленген қуат шегінен ешқашан асырып алмаңыз.
- Құрылғының алдында 50 см дейін ешбір жиһаз немесе басқа нысандар болмауы керек.
- Бұл құрылғыны ауданы 4 м² көлемнен аз бөлмелерде пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны жылжытпас бұрын, оның толық ажыратылғанына және розеткадан толығымен суырылғанына көз жеткізіңіз.
- Оны шаңды орталарда сақтамаңыз.
- Құрылғының үстіне ешнәрсе қоймаңыз.
- Ауа кіру тесігі мен шығу торларын жаппаңыз (қызып кету қаупі болады).
- Бұл құрылғыны қабырғаларға, жиһазға,

перделерге және т.б. жақын жерде пайдаланбаңыз.

- Құрылғыны бірінші рет пайдаланған кезде, қыздырудың салдарынан иіс шығуы мүмкін. Бөлмені желдеткен жөн.

Қауіпсіздік мүмкіндіктері

- **Қауіпсіздік құрылғысы:** бұл құрылғы шамадан тыс қызған жағдайда (мысалы, ауа кіру тесігі мен шығу торларының бітелуінен, мотор жай айналғанда немесе мүлдем айналмай қалғанда) оны ажырататын қауіпсіздік үшін ажырату құрылғысымен жабдықталған. Ондай жағдайдан кейін ажырату құрылғысын қалыпты күйге келтіру үшін, құрылғыны қуат розеткасынан бірнеше минутқа суырып қойыңыз, шамадан тыс қызу себебін жойыңыз да, құрылғыны розеткаға қайта жалғаңыз. Егер проблема қайталана берсе немесе құрылғы қалыпты жұмыс істеу күйіне оралмаса, оны пайдаланбаңыз және мәселені шешу үшін ресми қызмет орталығымен хабарласыңыз.

СИПАТТАМА

(3-бетті қараңыз)

- A** Функция таңдағыш
- B** Ескерту шамы
- C** Бөлме термостаты
- D** Таймер (егер болса)
- E** Орамал ілгіш (тек кейбір үлгілерде бар)
- F** Тұғыр (тек кейбір үлгілерде бар)

ПАЙДАЛАНУ

Электр желісіне қосу

- Розеткаға қоспас бұрын, қуат желісінің кернеуі құрылғыда көрсетілген Volts (Вольт) мәніне сәйкес екенін және розетка мен қуат желісі сымының электр жүгіне жарайтынын тексеріңіз.
- **ҚҰРЫЛҒЫ ЭЛЕКТРОМАГНИТТІК ҮЙЛЕСІМДІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ 2004/108/CE СТАНДАРТЫНА САЙ.**

Орнату

Бұл құрылғыны тек тік бағытта пайдалану керек.

Орамал ілгіші бар үлгілер

Кейбір үлгілер құрғату функциясы бар орамал ілгішпен (Е) жабдықталған және оларды тек қабырғаға бекітілген құрылғымен пайдалану керек. Егер бұл құрылғы жуынатын бөлмеде пайдаланылса, қауіп-қатердің алдын алу үшін, ол 4-суретте көрсетілгендей орнатылуы керек. Егер басқа бөлмеде пайдаланылса, көрсетілген ең төменгі арақашықтықтар сақталуы керек.

Қабырғаға орнату құралдарына мыналар жатады:

1 кронштейн

2 x бұранда

2 x қабырға дюбелі (0,6x30)

Былай орнатыңыз:

1. Арт жақта орнатылған кронштейнді төмен қарай басу арқылы алыңыз.
2. Құрылғы орнатылатын жерді мыналарға көз жеткізе отырып таңдаңыз:
 - a. Орнатудан соң аша мен розеткаға оңай қол жетуі керек.
 - b. Электрлік кабельдер де, басқа түтіктер де зақымданбауы керек.
 - c. Перделер немесе басқа жанғыш заттарды құрылғыға жақындатпау керек.
3. Қабырғаны теспес бұрын, дәл тесіктерді 1-суретте көрсетілгендей етіп тесіңіз.
4. Кірпіш қабырғалар үшін 6 мм кірпіш тескіш бұрғыны пайдаланыңыз. Тесіңіз және берілген қабырға дюбельдерін пайдаланыңыз. (Гипсті қатырма қағаз немесе жалған қабырғалар үшін біз жұқа ағаш тақталарды арт жаққа қойып, ағашқа немесе арнайы анкерлерге 6 мм ағаш бұрама шегелерді тікелей бұрауды ұсынамыз. Барлық басқа қабырға түрлері үшін маманның кеңесін сұрауды ұсынамыз.
5. Кронштейнді берілген екі бұрандамен бекітіңіз.

Сосын, құрылғыны кронштейннің жоғарғы және төменгі ілмектеріне енгізіп, құрылғыны аздап төмен қарай басыңыз.

Орамал ілмегін (Е) бірінші тоқтамға дейін жайлап көтеріңіз. Осы режимде шамадан

тыс қызу мәселелерінің алдын алу үшін, қыздыру параметрі 1000 Ваттан аспауы керек.

Осы кезден бастап орамалдар мен жаялықтарды кептіру үшін ілмекке іле аласыз.

Құрылғы кептіру режимінде пайдаланылмаған кезде, тұтқаны жоғары қарай жылжыту арқылы ағытып, төмен түсіріңіз.



Назар аударыңыз! Орамал ілмегіне (Е) шамадан тыс жүк түсірмеңіз және нәзік маталарды кептіргенде ерекше назар аударыңыз.

Тұғыры бар үлгілер

Тұғырмен (F) жабдықталған үлгілерді тұғыры бар жылжымалы нұсқалармен немесе қабырғаға бекітіп пайдалануға болады, қабырғаға бекітілген жағдайда тұғыр қажет емес.

Тұғырды (F) алып тастау үшін қыздырғышты алға қарай итеріп тұрып, негіздің артындағы екі тілшені басып, құрылғыны көтеріңіз. Екі тілше "PUSH" сөзімен белгіленген (2/3-сурет). Дегенмен, оны қабырғаға орнатқыңыз келсе, орамал ілмегі бар үлгілер үшін сипатталған қадамдарды орындаңыз.

ІСКЕ ҚОСУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

1. Ашаны розеткаға енгізбес бұрын құрылғының өшірулі тұрғанына көз жеткізіңіз және қажет болса розетка қосқышын қосыңыз.
2. Термостатты (C) ең жоғарғы күйге қою және функция таңдағышты (A) мына күйлердің біріне қою арқылы құрылғыны іске қосыңыз: **☼ 1/2**.
 - **Жаз** (тек желдеткіш): функция таңдағыш (A) тетікті сағат тілі бағытына бұраңыз.
 - **Төменгі қуатта жұмыс істету**: функция таңдағышты (A) бағытына "1" бұраңыз. Қызыл ескерту шамы жанады.
 - **Жоғарғы қуатта жұмыс істету**: функция таңдағышты (A) бағытына "2" бұраңыз.
 - **Құрылғыны өшіру үшін**: функция таңдағышты "●" бағытына бұраңыз.

Термостатты реттеу

Бөлме температурасы қажетті деңгейге жеткен кезде, термостатты сағат тілі бағытына қарсы индикатор шамы сөнгенше бұраңыз, бірақ одан әрі бұрамаңыз.

Осылайша термостат температураны автоматты түрде сақтайды.

Қатырудың алдын алу

Термостат төменгі күйде ***** тұрған кезде және функция таңдағыш 2-күйде тұрған кезде, құрылғы бөлме температурасын шамамен 5°C етіп ұстап, аз мөлшердегі қуатты жұмсайды және қатудың алдын алады.

24 САҒАТТЫҚ ТАЙМЕРІ БАР ҮЛГІЛЕР (егер берілсе)

Қыздыру процесін мына жолмен бағдарламалау:

Қолсағаттағы уақытқа қараңыз. Мысалы, ол 10:00 болса, сандық пернетақта дискісін бағдарламалағышта белгіленген **▲** көрсеткіш белгісі 10 санына тура келгенше бұраңыз. Тістерді ортаға қарай итеру арқылы құрылғыны іске қосқыңыз келген уақыт кезеңдерін орнатыңыз. Әрбір тіс 15 мин. уақыт кезеңіне сәйкес келеді. Осы кезде пайдалану кезеңдеріне сай қызыл бөліктерді көресіз. Құрылғыны жоспарланған кезеңдер барысында күнде автоматты түрде жұмыс істейтіндей етіп орнатыңыз. (Маңызды: аша әрқашан розеткаға енгізілген болуы және қажет болса розетка іске қосылған болуы керек).

- Бағдарламаны өзгерту үшін, қызыл тісті бастапқы қалпына қайтарып, жаңа жұмыс істеу кезеңдерін орнатыңыз.
- Егер құрылғыны бағдарламалаусыз пайдаланғыңыз келсе, барлық тістерді ортаға қарай итеріңіз. Бұл жағдайда құрылғыны толық өшіру үшін, сонымен қатар қосқыштарды өшіру үшін, ашаны розеткадан суыру керек, осылайша бағдарламалағыштың қажетсіз жұмыс істеуінің алдын аласыз.

КҮТІМ КӨРСЕТУ

- Тазаламас бұрын, әрқашан ашаны розеткадан суырып отырыңыз.
- Ауа кіру және шығу торларын тұрақты

түрде тазалап отырыңыз.

- Ешқашан қырғыш ұнтақтарды немесе еріткіштерді пайдаланбаңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Қуат көзі	Құрылғының электр қуатының деңгейін көріңіз
Қуатты тұтыну	"

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Бұйым түрі:	өнімдегі таңбалауға қараңыз
Үлгі:	"
Кернеу:	"
Жиілік:	"
Қуаты:	"

Қытайда:

De'Longhi Appliances s.r.l.
via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy
Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.
Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін жасалған.

Кедендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауап кершілікті және импортер:

“Делонги” ЖШҚ
127055 Ресей, Мәскеу қ,
Суцёвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат
Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

ЕАС